

тарды, кедергілерді мойымай игере отырып, өзінің өткір ойлары мен ұшқыр идеяларын қағаз жүзіне түсіріп қана қоймай, шын мәнінде, нақты іске асырып отырған. Ыбырай еңбектерінің, шығармаларының философиялық ойлары мен қағидалары, нақыл сөздері артына қалдырған әдеби мол мұрасы бүгінгі күні де өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, ел болашағын қалыптастыруда маңыздылығын жоймақ емес.

#### Әдебиеттер тізімі

1. **Ұстаздардың Тамыз конференциясы.** <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/334911-bolasha-a-zhol-silteitin-m-alimni-e-begin-lajy-ty-ba-alau-ma-yzdy-mindet-to-aev> 16.08.2019 ж.
2. **Тұрғынбаева Б.** Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы Қазақ хрестоматиясын жазды//Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. 2013. № 17 (77). 10-12-б.
3. **Сулейменов Б.** Проблема изучения научно-педагогического и литературного наследия Алтынсарина //Вестник АН Каз ССР. – 1967. – №1. с. 22-28.
4. **Мәдібай Қ.** Үміт еткен көзімнің нұры балам...//Қазақ әдебиеті. 2009. № 33 (3144). 31 шілде. 6-б.
5. **Абдуллина А.** Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул-Ислам» еңбегінің тәрбиелік мәні//Қазақ. № 18,19 (532-533). 6-13 мамыр. 8-б.
6. **Қазақ философиясы тарихы** (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақтың ағартушылық философиясы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. 137 б.
7. **Мұхтар Мағауин.** Ғасырлар бедері. А., 1991. 250 б.
8. **Алтынсарин Ы.** – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Бас редакциясы, 2007. – 276 б.
9. **Жұмалиев Қ.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері... 16 б.
10. **Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева** – Алматы, 2007 ж.
11. **Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар.** – Алматы, 1955. 70 б. Сонда, 323 б.
12. **Ильминский Н.И.** Воспоминания об Ибрае Алтынсарине. Казань, 1891. – с. 215.

ӘОЖ 37.017

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АДАМГЕРШІЛІК ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

**Насрединова А. Е.** – *Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының оқытушысы Педагогика ғылымдарының магистрі.*

*Ы.Алтынсариннің адамгершілік-этикалық қағидалары әлі де маңызды. Ы.Алтынсариннің адамгершілік көпқырлы іс-әрекетінің мәні педагог-ағартушы, оқытушы ретінде адам өмірінің бақытының мағынасы жоғары моральдық тұлғаны тәрбиелеу және оның педагогикалық этикасының сарқылмас көзі болып табылады.*

*Түйінді сөздер: адамгершілік, этика, қағида, тұлға, ағартушы.*

Ы. Алтынсариннің адамгершілік-этикалық қағидалары әлі де маңызды. Ы.Алтынсариннің адамгершілік көпқырлы іс-әрекетінің мәні педагог-ағартушы, оқытушы ретінде адам өмірінің бақытының мағынасы жоғары моральдық тұлғаны тәрбиелеу және оның педагогикалық этикасының сарқылмас көзі болып табылады

XIX ғасырдың үш жарық жұлдызы болған Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар қазақтың сайын даласында, көк аспанның астында қазақ еліне өркениеттің нұрын шаша біле отырып қазақ тағдырының қиындығын анық сезді. Қазақ халқының өзіндік салт-дәстүрінен, адами қадыр-қасиетінен отаршылдық салдарынан, әсіресе қазақтарды біріне-бірін қарсы салып, ішін-ара ірітуді шебер ұйымдастырған, болыстық сайлауды енгізу арқылы ағайындыларды жат қылды, сатқындық пен паракорлықты өрістеткен олар қазақтарды аздыра бастады. Соны сезген ұлы Абай бір өлеңінде

Қалын елім қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі, қан бірі май боп енді екі ұртың – деп қиналса, енді бірде:  
Бір кісі мыңға,  
Жөн кісі сұмға  
Әлі жетер заман жоқ,  
Қадірлі басым,

Қайратты жасым,  
Айғаймен өтті амал жоқ  
Болмасқа болып қара тер,  
Қорлықпен өтті қу өмір.

-----

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп  
Сөзімді ұғар ешкім жоқ.  
Моласындай бақысының,

Жалғыз қалдым тап шыным, деп кенеусіз кеткен қазаққа сөзін өткізе алмай өкінеді [1.69].

Шоқан бабамыз да Абылай заманын жырлаған ақындар шығармаларын зерттей келе, қазақ даласындағы дінім-сенімді саралай отырып, қазақ болмысына отаршылдық әкелген қасірет салдарынан халықтық қалпымыздан, сан ғасырлық ұлттық тұлғамыздан айырылып бара жатқанына қиналды. Ұлылардың ішінен біз тілге тиек етіп алған ұлы тұлға Ыбырай болса, оның бар өмірі ағартушылық жолында өтті де өз кезіндегі қиындықтан құтылудың бірден-бір жолы халқын өнер-білім арқылы тәрбиелеп, адамгершілік жолына имандылық арқылы жеткізу еді. Ол өз еңбегінде «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», [2.326] – деген әл-Фараби сөзін нақтылай түсті, сол жолда еселі еңбек етті.

Отаршылдық қыспағындағы халқының болашағын ойлаған ғұлама өз заманындағы қыспақтан туған халқының тек ғылым мен білім, адами тәрбие арқылы құтыла алатындығын әр ойымен, іс-әрекетімен нақтылай түсті. Оның алға қойған мақсатының орындалуы тек қана сол кезеңдегі ең қажет мәселе – орыс-қазақ мектептерін ашу арқылы жүзеге асатындығын көре білді. Сондықтан да отаршылдықты өздерінің бар ісімен жүзеге асырған миссионерлер Н.И. Ильминский, В.В. Катаринскийлерді пайдаланып, өз арманын солардың беделдері арқылы жүзеге асырды. Кең ауқымды да, терең ойлы, әлемдегі ғылым-білімді терең меңгерген шығыс мәдениетін тани алған Ыбырай Алтынсарин халқын адалдық жолында тәрбиелеудің бірден-бір кепілі – діни тәрбие екендігін айқын сезінді де «Шариат-ул-Ислам. Мұсылманшылықтың тұтқасы» және «Мақтубат» еңбектерін жазып, оны өзі ашқан білім ошақтарында кеңінен пайдаланды. Ол бұл еңбектерін жазуға үлкен дайындықпен келді, қазақ жерінде ой-өрістің өрістелуіне үлкен үлес қосты.

Оның ағартушылық, педагогикалық, экономикалық тақырыптарға қоса, ислам туралы еңбегі дінтану ғылымында үлкен жаңалық еді. Дінтану үшін ол философиялық еңбектерді оқыды. В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов, Ж.Ж. Руссо, Г. Гегель, Т. Бокль сияқты батыс философтарының еңбектерін, араб, парсы және бүтін шығыс философтарының шығармаларын оқып, олармен терең танысқан болатын. Білім – дегеніміз қоршаған орта шындығын танып білу деп түсінген ол осы мақсатқа тек ислам діні арқылы жететіндігін сезінді. Ол оқушыларға арнаған: «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңінде

Бір аллаға сиынып,  
Кел, балалар, оқылық.  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық  
Істің болар қайыры,  
Бастасаңыз алдалап.  
Оқымаған жүреді,  
Қараңғыны қармалап.  
Оқыған адам таниды,  
Бір жартқан құдайды.  
Танымаған құдайды,

Қай ісімен ұнайды, [3.12] – деп алланы тануды үгіттесе, «Мұсылманшылықтың тұтқасында» Құран-Кәрім хадистерін қазақ тілінде көпшілікке түсінікті қарапайым тілмен ұғындыра білді.

Ұлы ағартушының қалдырған мұраларының ең құндысы-оқушыларды тәрбиелеуде олардың бойына адамгершілік негіздерін сіңіру. Осы жолда ол тәрбие жүйесіндегі тиімділік көрсеткіштерінің бірі бала адамгершілігінің дамуы, оның рухани-адамгершілік дүниесіндегі елеулі өзгерістер болуы тиіс. Бұл факторлар балалардың кәдімгі және күрделенген жағдайлардағы адамгершілік мінез-құлықтың тұрақты болуынан, ересектердің сырттай бақылауынан салыстырмалы түрде тәуелсіз болуынан, өз қылықтарын адамгершілік салдарынан болжай білуден, іштен бақылау сезімінің-ождан, қылықтық-моральдық жағына баса көңіл бөліп, оларды адамгершілік қасиеттердің иесі ретінде тәрбиелеуді ұсынады. Адамгершілік қасиеттерге ұлы ағартушы мыналарды жатқызады: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілдік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, сондай-ақ ол оқушыларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеудің маңызына да ерекше көңіл бөлген. Оның шығар-

малар жинағының I томында «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл» және басқа әңгімелері жастарды адами асыл қасиеттерге тәрбиелейді. Сондай-ақ өзінің шағын әңгімелерінде ел ішіндегі діни ұстанымдардың, халықтық салт-дәстүрлердің де ретсіз қолданылуын көрсетеді («Надандық», «Этнографиялық еңбектері», «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау, дәстүрінің очеркі». Ы.Алтынсарин өзінің оқу құралдарын жасауда өзінің идеялық бағыттары жағынан ұлттық қағидаларға қызмет етуге және балаларды өз Отанын сүйуге, рухани адамгершілікке тәрбиелеуге шақырды. Сондықтан да ол орыс педагогтары мен жазушыларының шығармаларымен қатар, хрестоматияға қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін енгізді.

Ағартушы ұғымында адамгершілік қасиеттерінің жетілуі – тәрбие жүйесінің нәтижесі және тәрбие жұмысы тиімділігіне байланысты атқарылады. Сондай-ақ ол тәрбиенің халықтық дәстүрмен тікелей байланысты екендігіне көңіл бөліп «Тәрбие көзі – халықтық педагогика» деген тұжырымға келген орыстың белді педагогтарының бірі К.Д. Ушинскийдің идеясын жалғастыра отырып адамгершіліктің 7 қасиетін атап көрсетеді: 1.Имандылық. 2.Жоғарғы әділдік. 3.Адалдық, ақкөңілділік. 4.Сыпайлық, момындық. 5.Адал ниетпен өсиет беру. 6.Жомарттық, қайырымдылық. 7.Дұрыс заңдылық [5.106]. Өзінің әр шығармаларында Ыбырай Алтынсарин адамгершілікке сай келетін жақсылық істердің не екенін ашып беруге тырысады. Халқын ойлау, қоғам пайдасын жеке басының пайдасынан жоғары қою адамгершіліктің ең биік өлшемі деп санаған ұстаз «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде отырықшылықтың, егін егудің пайдалылығын айта отырып сол кездегі кейбіреулердің ұрлыққа, барымташылыққа, бойкүйездікке бейімділігін сынға алады. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін пайдалана отырып білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты салыстыра отырып қазақ жастарын оқуға шақырады да «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде сол кездегі білім-ғылымның қол жеткізген жетістіктерін айта отырып, соларды білуге шақырады:

Біз де бекер жатпалық,  
Осыларға таныспай  
Ат өнері білінбес,  
Бәйгеге түсіп жарыспай.  
Желкілдеп шыққан көк шөптей,  
Жаңа өспірім достарым-  
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,  
Ұмтылыңыз қалыспай!  
Біз надан боп өсірдік,  
Иектегі сақалды.  
«Өнер-жігіт көркі» деп,  
Ескермедік мақалды.  
Біз болмасақ, Сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды... [6.25]

Өзінің шығармаларында Ыбырай Алтынсарин адамды талапкерлікке, әрдайым ілгері ұмтылуға, мейірбандыққа, азға қанағатшылдыққа, қарапайымдылыққа үйретеді. Осынау ойын өзінің жақын достарына жазған хаттарында да қуаттайды. Мәселен 1885 жылы 25 қазанда мұғалім Мазохинге жазған хатында «Менің ақылыммен емес, араб философының ақылын басшылыққа ала отырып, өмір сүріңіз. Біреу араб философынан «байлық пен бақыт неде» деп сұрағанда, «қанағатта» деп жауап беріпті», – деп жазады [3.202].

Ұлы ұстаз өз еңбектерінде жастарды еңбек сүйгіштікке баулиды, оларды уақытты босқа өткізбеуден және жалқаулыққа салуындан сақтандырылады, адамгершілікке тәрбиелеудегі басты құрал-еңбек пен ата-ана үлгісі екенін үнемі ескертеді. Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне басқан жаңа қадам нәтижесі, адамдық тәрбие жемісі. Ұлы ұстаз осы жолда да жарқын із қалдырды. Оның еңбектерінде адами қасиеттерге тәрбиелеу балалар ұғымына жеңіл, тілі жатық және оқу, өнер, адамгершілікке жетектейтін қасиеттерді қысқа да мазмұнды бере алған. Бұл шығармаларын кез-келген балалар қызыға оқи отырып, өздері де ой түйеді. Жазушы өз әңгімелерінде сол дәуірдің елеулі мәселелерін көтере отырып, қалың қауымның қоғамдық санасын оятады, жастарды игі мақсатқа тәрбиелейді.

Ыбырай Алтынсариннің өз халқын оқу-білімге, өнерге шақыруы, надандыққа, зұлымдылыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік өмірдегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі – оның шығармаларының халықтық жағы болып саналады. Сондықтан да оның прозасы қазақ балалар әдебиетінің ең айшықты қазынасы болғандықтан Ыбырай Алтынсаринды «Қазақ балалар әдебиетінің атасы»деп атаймыз. Өйткені оның шығармаларынан биік адамгершілік қасиеттер көрінеді де азаматтың ұлы адами тұлғасын байқай аламыз.Өз ойымызды көрнекті әдебиетші ғалым, академик Қажым Жұмалиевтің педагог-жазушыға, халық ұстазына берген: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты,

халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», – деген бағасымен аяқтаймыз [4.71].

### Әдебиеттер тізімі

1. **А. Құнанбаев** «Өлеңдері мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер» / А., 2012 ж.
2. **М.Ә. Мұстафина** «Ы.Алтынсариннің шығармашылығындағы адамгершілік тақырыбы» / Алматы, 2011, № 4, 326-329 б.
3. **Ы. Алтынсарин** «Өнер-білім бар жұрттар» / Алматы, 1991, 240 б.
4. **Қ. Жұмалиев** «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» / Алматы, 1967, 627 б.
5. **Ы. Алтынсарин** «II томдық шығармалар жинағы. I том» / Алматы, 2003, 240 б.
6. **Ы. Алтынсарин** «Қазақ хрестоматиясы» / Алматы, «Білім» баспасы, 2003, 112 б.

УДК 371

### ВКЛАД ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА В СТАНОВЛЕНИИ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**Оспанова Л. Б.** – магистр гуманитарных наук, учитель истории КГУ «Гимназия имени А.М.Горького отдела образования города Костаная».

*Статья посвящена просветительской деятельности Ибрая Алтынсарина. Раскрываются особенности становления и развития народного образования в казахском крае. Рассматривается роль философско – педагогического наследия Ибрая Алтынсарина.*

*Ключевые слова: новатор, просвещение, образование, воспитание, наследие, «Киргизская хрестоматия», педагог, грамота.*

«...Тяжелые времена создают сильных людей» слова писателя-романиста Майкла Хопфа, с которыми трудно не согласиться. В истории Казахстана, к сожалению, было достаточно трудных периодов и именно в это время на исторической арене появлялись такие выдающиеся сыны казахского народа как: Кенесары Касымов, Сырым Датов, Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов и многие другие. В этот список, без сомнения, можно внести имя Ибрая Алтынсарина. Алтынсарин жил и трудился полтора столетия назад, в период невежества и феодального гнета, в этот период казахскому народу нужен был такой человек, который пролил бы свет знаний в степи. Как просветитель, педагог, своим упорством, терпением и высокими нравам культурного происхождения оставил за собой огромный след, который описан в истории нашего государства. Всю свою жизнь Алтынсарин посвятил просвещению родного народа. «Народ казахский сам по себе представляет благодатную почву для образования», – писал человек, веривший во всеспасительность знания для развития общества и каждой человеческой индивидуальности. «На нашу долю, – писал Алтынсарин, – теперь выпало самое тяжёлое, ответственное время, когда всё надо еще создавать, вводить эти нововведения в тёмную среду и освещать всё, насколько хватит у нас сил и умения...» [1, с.22].

И.Алтынсарин был пламенным борцом за прогрессивное развитие казахского народа. По инициативе И. Алтынсарина и непосредственном его участии, была создана в Казахстане сеть народных светских школ. Алтынсарин был истинным патриотом своего народа, неумолимо трудившимся во имя его лучшего будущего. Глубоко переживая отсталость родного края, он искал пути ликвидации ее только в совместной жизни казахского народа с русским народом и приобщения Казахстана к передовой русской культуре. Решающим средством приобщения казахского народа к русской культуре, ускорения его экономического и духовного развития И. Алтынсарин считал организацию в казахских аулах русско-киргизских школ. На школы он смотрел как на очаги распространения просвещения. Он писал: «Все возможное счастье для киргизского народа я вижу в дальнейшем времени только в нравственном слиянии его с господствующим русским народом и в духовном, экономическом развитии его по средством русско-киргизского образования» [2, с.47]. Огромное значение русско-киргизских школ, открываемых среди казахского населения, по убеждению И. Алтынсарина, заключается в том, что совместное обучение казахов с русскими способствует быстрому усвоению казахами русского языка, сближению казахского народа с русским народом, укреплению между ними взаимной связи и развитию дружественных отношений. И. Алтынсарин считал, что русско-киргизские школы, обучая казахских детей грамоте и русскому языку, давая им необходимые полезные знания, могут заложить основу для усвоения казахами русской культуры. Сам Ибрай писал: «Как голодный волк за барана, взялся я горячо за учение детей; и, к крайнему моему удовольствию, мальчики эти в течение каких-нибудь трех месяцев выучились читать и даже писать по-русски и по-татарски... Словом, надеюсь, что эти молодцы в течение 4-х лет, по окончании курса, будут говорить порядочно и узнают кое-что. Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать еще на их нравственность, чтобы они впо-